

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»КММ
«Уәлиханов ауданының білім бөлімі»КММ
«Күншуақ» бөбекжай бақшасы МКҚК**

**ГККП «Ясли-сад «Күншуақ»
КГУ«Отдел образования Уалихановского района»
КГУ «Управления образования акимата Северо-Казахстанской области»**

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

**Кішкенекөл а.
2023ж.**

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

1.1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Уәлиханов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Күншуақ» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

Зандымекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 151200, Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, Н.Жұнұсов көшесі, 18 үй;

Телефон:8(71542) 21-955, **факс:** 8 (71542)22894

Электрондық пошта: kunshuak.sad@mail.ru,

web-сайт <https://kunshuak-uali.edu.kz>

Занды өкілі: Муканова Рошатай Канашовна – Меңгеруші.Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы, Уәлиханов ауданының білім беру бөлімінің 2020 жылғы 6 наурыз № 83 бұйрығы негізінде меңгеруші лауазымына тағайындалған. Үшінші санатты басшы 2022 жылы беріген. Телефон:8 (71542)22894, ұялы телефон:8 775 646 83 45.

ҰБДҚ-логин 59643010090402, **пароль** AAaa 1234+

Мемлекеттік тіркелуі туралы анықтама: «Занды тұлғаны қайта тіркеу туралы» анықтама 12 қаңтар 2021 жылы БСН 990440006136 берілген.

Жарғы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2020 жылғы №341 қаулысымен бекітілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау туралы хабарлама №KZ47RVK00027965 25.01.2021 жылы берілген.

II. Кадрлық құрамға талдау

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»мамандығы бойынша білімі бар педагогикалық кадрмен «Күншуақ» бөбекжай бақшасы толық қамтылған.

Штаттық кестеге сәйкес 19 педагог жұмыс атқарады оның ішінде екі педагог бала күтуі бойынша демалыста.(2-қосымша

«Педагогикалық кадрмен қамтылуы») (кесте1. Кадрлық құрамға талдау)

Кадрлық құрамға талдау 1- кесте

Лауазым атауы		2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы
Меңгеруші		1 (әдіскер 0,5)	1 (әдіскер 0,5)
Тәрбиешілер		12	12 (0,5 әдіскер)
Мамандар	Музыка жетешісі	1	1
	Дене шынықтыру нұсқаушы	1	1
	Педагог-психолог	1	1
	Орыс тілі Қазақ тілі оқытушысы	1	-
		-	1
Әдіскер		1 (0,5-меңгеруші) (0,375) тәрбиеші	1 (0,5 меңгеруші) (0,375) тәрбиеші
Барлығы		17	17

Сапалық құрамда жоғары білімді және біліктілік санаттары педагогтар бар, төмендегі кестеде көрсетілген.

Өзін-өзі бағалау кезеңінде бөбекжай бақша педагог кадрлар арасында қозғалыс аса болмаған, (тек декреттік демалысқа 1 тәрбиеші - Муханова Г.Ж. және қазақ тілі оқытушысы Шаяхметова Р.Қ. шыққан), 1 тәрбиеші Бимурзина А.А. және қазақ тілі оқытушысы Аханова Д.А. уақытша қабылданған.

Сұраныс хат негізінде аудан білім бөлімінің рұқсатымен меңгерушіге - әдіскердің 0,5 ставкасын жүргізуге, ішкі бұйрық бойынша рұқсат берілген; әдіскердің 0,5 ставкасын тәрбиешіге жүргізуге рұқсат берілген және біріктіре істейтін бір адам – музыка жетекшісі Жумажанов Абай Сайлаубекович.

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтар-11

«Күншуақ» бөбекжай бақшасында 6 топта 12 тәрбиеші жұмыс атқарады:

- Мектепке дейінгі жоғары білім – 1 меңгерушіде;
- Мектепке дейінгі жоғары білім – 1 әдіскерде;
- Мектепке дейінгі жоғары білім – 9 тәрбиешіде;
- Мектепке дейінгі арнайы орта білім - 3 тәрбиешіде;

Қайта даярлау мектепке дейінгі–3 тәрбиешіде.

(кесте 2. Педагогтардың арнайы мектепке дейінгі білімдері бойынша мәліметтер)

2- кесте

Педагогтардың арнайы мектепке дейінгі білімдері бойынша мәліметтер:

Оқу жылы	Балабақшадағы жалпы мектепке дейінгі білімі бар педагогтар аны	Оның ішінде мектепке дейінгі орта арнайы білімі бар педагогтар саны	Оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар педагогтар саны
2021-2022	19	2	4
2022-2023	19	3	9

2021-2022 оқу жылында 5 тәрбиеші жоғары оқу орнында оқып жүр.

2022-2023 оқу жылында 5 тәрбиеші жоғары оқу орныны бітіріп шықты және тағы 2 тәрбиеші жоғары оқу орнына түсті, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» оқу бөлімінде оқиды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтар: 14 (74%) (кесте 3. Педагогтардың сапалық тізімі 2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы) (мәлімет үшін: мектепке дейінгі жоғары білімі бар 1 тәрбиеші декреттік демалыста).

Педагогтардың сапалық тізімі 2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бар педагогтар	Пайыздық мөлшермен
2021-2022	19	13	68,4 %
2022-2023	19	14	74 %

Қорытынды: 1 - меңгеруші, 1-әдіскер және 12 тәрбиешіде мектепке дейінгі білімдері бар және 5-педагог арнайы мамандары бойынша. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша жоғары білімі бар педагогтердің үлесін 100 пайызға арттыру.

Санаттар

Педагогтардың біліктіліктерін арттыру ережелеріне сәйкес педагогтар 5 жылда бір рет санаттарының деңгейін арттырады (ҚР Заңының 15-бабының 1-тармағы, 3) тармақшасына сәйкес)

2021-2022 оқу жылына дейін 6 педагог аттестаттаудан өтіп, өз біліктілігін арттырған, оның ішінде:

педагог-модератор-3; педагог-зерттеуші -2;

музыка жетекшісі педагог-модератор -1;

санатсыз - 3 жас маман (еңбек өтілдері-5 жылға дейін).

Білім беру ұйымдарының басшылары атқаратын лауазымына сәйкестігін растау үшін ҚР Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді. «Күншуақ» бөбекжай бақшасының меңгерушісі аттестаттаудан өткен, «үшінші санатты басшы»; біліктілік санаты 24.08.2022ж. бастап 24.08.2025 ж. дейін жарамды.

(кесте 4. Басшылармен тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі мәліметтер)

Кесте4

Басшылармен тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі мәліметтер

№	МКҚК Күншук» бөбекжай бақшасы	лауазымдары бойынша	біліктілік арттыру курсының мерзімі	санаты	санат мерзімі
1.	Муканова Р.К.	меңгеруші	12.10.2021ж.	үшінші санатты басшы	24.08.2022ж.- 24.08.2025ж.
2.	Абишева Н.Б.	әдіскер	31.08.2023ж.	педагог-модератор әдіскер	23.12.2021ж.- 23.12.2026ж.
3.	Жумажанов А.С.	музыка жетекшісі	05.05.2021ж.	педагог-модератор	25.05.2021ж.- 25.05.2025ж.
4.	Бимурзин А.С.	дене шын. нұсқаушысы	08.06.2023ж.	санатсыз	2024ж.
5.	Алдабаева Р.М.	тәрбиеші	31.08.2023ж.	педагог-зерттеуші	24.12.2021ж.- 24.12.2026ж.
6.	Садвокасова М.М.	тәрбиеші	04.08.2023ж.	педагог-зерттеуші	24.12.2021ж.- 24.12.2026ж.
7.	Гельманова Л.Х.	тәрбиеші	31.08.2023ж.	педагог-зерттеуші	31.08.2023ж.- 31.08.2028ж.
8.	Мужамеджарова Б.К.	тәрбиеші	30.11.2022ж.	педагог-сарапшы	31.08.2023ж.- 31.08.2028ж.
9.	Кабипова Д.К.	тәрбиеші	04.08.2023ж.	педагог-сарапшы	31.08.2023ж.- 31.08.2028ж.
10.	Омирзакова Т.З.	тәрбиеші	31.08.2023ж.	жоғары санатты	18.04.2019ж.- 18.04.2024ж.
11.	Абишева Н.Б.	тәрбиеші	31.08.2023ж.	жоғары санатты	11.03.2020ж.- 11.03.2025ж.
12.	Кажатова Ф.Н.	тәрбиеші	31.08.2023ж.	педагог-модератор	25.05.2021ж.- 25.05.2026ж.
13.	Темирханова А.Ж.	тәрбиеші	31.08.2023ж.	педагог-модератор	31.08.2023- 31.08.2028.
14.	Аринова Б.Ж.-	педагог-психолог	12.11.2021ж.	педагог-модератор	23.12.2021ж.- 23.12.2026ж.
15.	Шаяхметова Р.Қ.	қазақ тілі оқытушысы	30.10.2020ж.	2- санатты	2024ж.(декретті демалыста)
16.	Муханова Г.Ж.	тәрбиеші	29.10.2019ж.	1- санатты	23.12.2021ж.- 23.12.2026ж. (декреттік демалыста)
17.	Беккалиева А.К.	тәрбиеші	14.10.2021.	санатсыз	2024ж.
18.	Абулхаирова Л.Е.	тәрбиеші	31.08.2023ж.	педагог	2025ж.
19.	Бимурзина А.А.	тәрбиеші	үш жылға дейін	педагог	2025ж.
20.	Аханова Д.А.	қазақ тілі оқытушысы	үш жылға дейін	педагог	2025ж.

2022-2023 оқу жылында:

«педагог-зерттеуші» - 3;

«педагог-эксперт» - 2;

«педагог-модератор» - 5;

«педагог» статусы - 2 тәрбиеші, 1 қазақ тілі оқытушы (уақытша қабылданған декреттік орнына)

санатсыз –2 педагог, еңбек өтілдері 5-жылға дейін.

(кесте5.Педагогтардың біліктілік санаттары бойынша сапалық құрамы)

Кесте 5**Педагогтардың біліктілік санаттары бойынша сапалық құрамы**

санаттар Оқу жылы	жоғары санат	1санат	2-санатты	«педагог- зерттеуші»	«педагог- сарашы»	«педагог- модератор»	«педагог»	санатсыз
2021-2022	3	2	2	2	-	4	-	2
2022-2023	3	1	1	3	2	5	3	2

Қорытынды: педагогтар біліктілік санаттарын мерзімге сәйкес жылда көтеру, кәсіби құзыреттілігін арттыру.

(кесте 6. Біліктілікті арттыру курстарынан және қайта даярлаудан өткен педагогтар саны)

Кесте 6**Біліктілікті арттыру курстарынан және қайта даярлаудан өткен педагогтар саны**

Жалпы саны	2021_/2022_ оқу жылы	2022_/2023_ оқу жылы
Біліктілікті арттыру курстары	4	14

Балабақша педагогтары біліктілікті арттыру курстарын жоспарлы түрде, мерзімінде өткен: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы», ҚР Оқу ағарту министрлігі «Ұлттық - ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК, ҚР БҒМ «Балаларды ерте дамыту институты», СҚО «әкімдігінің білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ.

Меңгеруші 2021жылы біліктілік арттыру курсынан (*«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті» тақырыбы бойынша 80 сағ.*) өткен. 2022ж. «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы:балаларды дамыту бағдары» 80 сағ. біліктілікті арттыру курсын өтті. Музыка жетекшісі Жумажанов А.С. келесі біліктілік арттыру курс өту мерзімі қазан айының 2023 ж.

(кесте7.Педагогтық құрамның орташа жас мөлшері (жасы))

Кесте 7

Педагогтық құрамының орташа жас мөлшері (жасы)

Жылдар	20-25	25-30	30-35	35-40	40-45	45-50	50-55	55-60	60ж
2021-2022оқу жылы	2	1	4	3	2	1	4	1	-
2022-2023оқу жылы	3	1	1	4	0	2	3	2	-

Екі оқу жылында педагог құрамы өзгерген жоқ,бірақ декреттік демалысқа кеткен педагогтардың орнына жас мамандар қабылданды, жас мамандар тұрақты еңбек жасауда.

(кесте 8.Педагогтардың соңғы екі оқу жылындағы еңбек өтілі бойынша көрсеткіштер)

Кесте 8

Педагогтардың соңғы екі оқу жылындағы еңбек өтілі бойынша көрсеткіштер:

Оқу жылы	0-5жылға	5-10	10-15	15-20	20-25	25 жоғары
2021-2022	2	5	2	3	-	4
2022-2023	7	4	3	3	-	3

Қорытынды: бөбекжай бақшасы педагогикалық кадрмен толық қамтылған, атап өтетін жай педагогикалық кадрдың тұрақтылығы. Педагогикалық кадрлар біліктілік деңгейін аттестаттауды, біліктілікті арттыру курстарын мерзіміне сәйкес көтерген. Педагогтар өз білімдерін жоғары оқу орнында жетілдірген, түрлі деңгейдегі жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысқан, ұйымдастырылған іс әрекеттерінде жаңа инновациялық-технологияларды қолданған, диагностика жүргізілген.

III. Тәрбиеленушілер контингенті

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы МКҚК-да тәрбие мен оқыту үрдісін ұйымдастыру үшін 6 топ жұмыс жасайды: жас ерекшеліктеріне сәйкес 6 топ жасақталған.

- 4 жас -ересек тобы- «Балдырған» және «Айгөлек»;
- 3- жас- «Балапан» және «Балдәурен» ортаңғы топтары;
- 2 жас- «Балауса» кіші топ;
- 1- жас «Еркетай» ерте жас тобы.

(кесте 9. 2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы жас кезеңдері бойынша жасақталған топтар)

Кесте 9

2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы жасақталған топтар:

р/с	Топтың атауы	жас кезеңдері 2021-2022 оқу жылы	жас кезеңдері 2022-2023 оқу жылы
1	«Еркетай»	ерте жас тобы (1жастан бастап)	ерте жас тобы (1жастағы балалар)
2	«Балауса»	кіші топ (2жастан бастап)	кіші топ (2жастағы балалар)
3	«Балапан»	ортаңғы топ (3жастан бастап)	ортаңғы топ (3жастағы балалар)
4	«Балдәурен»	ортаңғы топ (3жастан бастап)	ортаңғы топ (3жастағы балалар)
5	«Балдырған»	ересек тобы (4жастан бастап)	ересек тобы (4 жастағы балалар)
6	«Айгөлек»	ересек тобы (4жастан бастап)	ересек тобы (4 жастағы балалар)

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер - жоқ.

Контингенттің қозғалысына сай, жылда балалардың саны өзгеріп отырады:

2021-2022 оқу жылының соңында-140 бала

2022-2023 оқу жылының соңында-140 бала

Балаларды балабақшаға кезекке қою, жолдама беру мемлекеттік портал «Balabagsha Smart Nation» арқылы жүргізілген.

(қосымша-3 «Тәрбиеленушілердің контингентінің тізімі» 2023-2024 оқу жылы).

Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жоқ. 2022 жылға мемлекеттік тапсырыс туралы мәлімет жоқ.

2023 жылға мемлекеттік тапсырыс берілді. Құжаттар қатысу туралы 31.01.2023 жылы (<https://v3bl.goszakur.gov.kz>)

Қорытынды:: 1-4 жас аралығындағы балалар мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен 100 % қамтылған, балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға жағдай жасалған. МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері сақталады.

IV .Оқу-әдістемелік жұмыс

«Күншуақ» бөбекжай бақшасының өзін-өзі бағалау кезеңінде нормативтік-құқықтық документтер зерделеніп, әдістеме жұмысының нәтижесіне талдау жүргізілді. Балабақшаның әдістемелік жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес бекітілген ҚР білім және ғылым министрінің 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы және балалардың тұлғасын дамытуға 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында білім беру салаларының, ұйымдастырылған іс әрекеттерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен ҚР Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 (еңгізілген өзгертулермен және толықтыруларымен) 12 мамыр 2020 жыл №195) бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес (2021-2022 оқу жылы) білім беру қызметі жүзеге асқан, вариативтік бағдарлама (2021-2022 оқу жылы) пед кеңесте бекітілген.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие үрдісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға бірдей стандартқа сәйкес (ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022ж. № 348 бұйрығы)

2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие үрдісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға бірдей стандартқа сәйкес (ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022ж. № 348 бұйрығы) жалғастырамыз.

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы:

2021-2022 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқыту тілдері бойынша оқу жүктемесі (орыс тілі) сақталған.

2022-2023 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес 1 жастан бастап 1- сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сай оқыту тілдері (қазақ тілі) бойынша оқу жүктемесі құрылды. 2022 ж. Қыркүйек айынан бастап тәрбиешілер өздері қазақ тілін жүргізіп келді, ал 2023 ж. мамыр айынан 3-нен бастап қазақ тілі оқытушысы Шаяхметова Р.Қ. жүргізді.

Балабақшаның әдістемелік жұмысы мынадай міндеттерге айқындалған:

- Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту;
- педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда туындайтын мәселелер бойынша тәрбиешілердің сұрақтарын қанағаттандыруға ықпал ету және жаңа технологиялар негізінде педагогикалық шеберліктерін түрлендіру;
- балабақшада тәрбиеленушілердің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;
- педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, біліктілік арттыру курстарын жалғастыру;
- түрлі деңгейдегі жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатыстыру;
- педагогтардың санаттарын көтеру;
- ұйымдастырылған іс әрекеттерінде жаңа инновациялық-технологияларды қолдану, диагностикалау;

Педагог ұжымының әдістемелік алға қойған мақсаттары пед кеңестерде, пед сағаттарда, консультацияларда, семинар-практикумдарда, ашық көрсетілімдерде өз шешімін тапқан. Педагогтардың кәсіптік дамуы және тұлғалық өсуі бөбекжайдың оқу қызметінің сапасына байланысты. Баланың жан-жақты дамуы, тәрбие мен оқудың негізі мектепке дейінгі ұйымдарда қаланады. «Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар бала кезден қалыптасады». Сондықтан,

мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсартуға аса көңіл бөлінген. «Күншуақ» бөбекжай бақшасында тәрбиешілер және арнайы пән мамандары жылдық жоспарға сүйене отыра, оқу-тәрбие жұмыстарын, жылдық міндеттерді басшылыққа ала отырып, жоспарланған біршама жұмыстар жүргізген: ертеңгіліктер, музыкалық тақырыпты іс әрекеттер, ойын-сауық кештер, спорттық ойындар, интеллектуалды ойындар өткізілген. Балалардың және ата-аналардың бірлескен жұмыстары күнделікті көрме арқылы көрсетілген. Жобалық жұмыстың ашық көрсетілімдері, ашық есік күндері арқылы ата-аналар өз балаларының білімдерін көрген. «Күншуақ» бөбекжай бақшасының сайтында фото галереяда: шығармашылық, дене шынықтыру, ойын-сауық, т.б. жоспарға сәйкес өткізген іс-шаралардан фото суреттер жарияланған. Әдістемелік құжаттар, жоспарлар, сценарийлер, ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер және т.б. орналасқан. «Күншуақ» бөбекжай бақшасының педагогтарының кәсіби дәрежелі конкурстарға, конференцияларға, семинар, қашықтықтан өткізілген вебинарларға қатысулары әдістеме жұмысының нәтижесі деп толық санауға болады.

Кесте 10

Марапаттар 2021-2022 оқу жылы

№	Педагогтың аты жөні	Байқаудың атауы	Марапат	Жыл
1	Муканова Рошатай Канашовна	«Менің мектепке дейінгі философиям» облыстық эссе байқауының жинағына енгізілді.	Сертификат	2021
		«Ұлы даланың жеті қыры-жарқын болашақтың кепілі» атты облыстық семинарда өзінің педагогикалық тәжірибесін ұсынғаны үшін.	Сертификат	2021
		«Тәулсіздік жылдары және біздің балабақша» атты облыстық байқауының жүлдегері.	I дәрежелі диплом	2021
2	Абишева Нургуль Багдатовна	Облыстық байқау «Балалар мен ата аналардың көзіндегі сүйікті тәрбиеші»- Глущенко Ева.	сертификат	2021
		«Балалар мен ата аналардың көзіндегі сүйікті тәрбиеші» облыстық байқауына қатысқаны үшін.	Алғыс Хат	2021
		Облыстық конкурс «Эколята дошколята» посвящен. 30-летию Независимости РК тәрбиеленушіні дайындағаны үшін. (Аблай Камила)	Сертификат	2021
			Сертификат	2021

		Облыстық байқау «30жасқа 30 ойын»Республик.ойындар фестивалі тәрбиеленушіні дайындағаны үшін. (Боранова Адия) «Мен жастарға сенемін»республик.байқауына шәкірт дайындағаны үшін (Асылбек ислам) «Білім берудегі балалар-балаларға білім беру» электрондық газетке «Дәстүрлі емес сурет салу-бүлдіршіннің болашақ өмірдегі жетістік формуласының негізі» оқу материалын жариялағаны үшін. «Менің мектепке дейінгі философиям» облыстық эссе байқауына материалын жариялағаны үшін. «Damu Education» республик. онлайн конкурс -2 бала Білім берудегі балалар-балаларға білім беру.Электрондық газет жарияланым туралы «Ұлы даланың жеті қыры-жарқын болашақтың кепілі» атты облыстық семинарда өзінің педагогикалық тәжірибесін ұсынғаны үшін. «Ең жақсы мерекелік сценарийі және ойын-сауық мектепке дейінгі ұйымда» облыстық байқауының жинағына өз сценарийін еңгізген. «Эколята-дошколята» атты облыстық экологиялық жобасына қатысқаны үшін.(Асылбек исламды дайындағаны үшін) «Көрікті көктем»атты республикалық онлайн байқауына шәкірт дайындағаны үшін «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделін іске асыру» тақырыбында өткен семинарда өз тәжірибесімен бөліскені үшін.	1-Дәрежелі Диплом Сертификат Сертификат Сертификат Сертификат Сертификат Сертификат Алғыс Хат Сертификат	2021 2021 2021 2022 2021 2022 2022 2022 2022
--	--	---	---	---

3	Омирзакова Тоты Зеннатовна	Сборник эссе областного конкурса «Моя философия дошкольного образования»	сертификат	2021
		Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық танымдық – тәрбиелік журналы «Шебер тәрбиеші»	Диплом I - дәрежелі	2022ж .
		Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық танымдық – тәрбиелік журналы «Бақытты балабақша»	Диплом I - дәрежелі	2022ж
		Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық танымдық – тәрбиелік журналы «Балапан –бояулар әлемі»	Диплом I- дәрежелі	2022ж
4	Кажатова Фариза Нигматовна	Білім саласындағы көпжылдық, шығармашылық еңбегі және оқушыларға білім мен тәрбие беру үрдісін жетілдіруге қосқан үлесі мен ұстаздық шеберлігі үшін; За активное участие в областном конкурсе «Любимый воспитатель глазами детей и родителей» КГУ ЦМРИТО	Мадақтама	2021
			Благодарно сть	2021
			Диплом	2021
		«Мен жастарға сенемін» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушылары арасында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген «Тәуелсіздік – Тұмарым» атты республикалық байқауға дарынды шәкірт дайындағаны үшін;	1-Дәрежелі Диплом	2021
		«Мен жастарға сенемін» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушылары арасында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген «Тәуелсіздік – Тұмарым» атты республикалық байқауға қатысып, үздік мәнерлеп оқу номинациясы бойынша I орын иеленгені үшін Амангельдинова Жасмина;	Мадақтама	2021
		«Менің мектепке дейінгі		2022

		философиям» облыстық эссе байқауының жинағына енгізілді; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыратын педагогтарға арналған «Озат тәрбиеші» атты өңірлік олимпиадасының аудандық кезеңіне II – орынға ие болғаны үшін; Мектеп жасына дейінгі балалар арасында балаларды шығармашылыққа баули отырып тәрбиелеу, мектеп жасына дейінгі дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау көрсету мақсатында «Балалық шағымның шуақты биі» атты Республикалық (сырттай) би байқауының аудандық кезеңіне қатысып, қыздар арасында жүлделі I – орынға ие болғаны үшін «Гүлдер-ай» би тобы. Жетекшісі – Кажатова Ф.Н.	Диплом	2022
5	Кабипова Данагуль Казбековна	«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және «ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған «Қазақ педагог зерттеушілері: үздік мақалалар, әдістеме және иновация» республикалық конкурстың «Үздік сценарии» Ана тіліндегі республикалық шығармашылық байқауына Қазақстан халқы тілдері күніне «Менің отбасым» атты облыстық кезеңіне тәрбиеленушіні қатыстырғаны үшін.	Диплом I-дәрежелі Сертификат	2022 2022
6	Гельманова Лаззат Химашевна	20 «Мен жастарға сенемін» «Ұстаз - ұлы есім» атты республикалық байқауға дарынды шәкірт дайындаған үшін. 20 «Мен жастарға сенемін» «Күз кереметі» атты республикалық байқауға дарынды шәкірт дайындаған үшін. 20 «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына	Диплом Диплом	2021 2021

		орайластырылған мектепке жасына дейінгі балаларға арналған Республикалық ойындар фестивалінің «30 жасқа 30 ойын» атты облыстық байқауының кезеңіне қатысқаны үшін. 20«Мен жастарға сенемін» «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқудан республикалық байқауға дарынды шәкірт дайындаған үшін. 2»» Damu Education» қоғамдық қорының ұйымдастырумен өткен «Көрікті көктем» атты республикалық онлайн байқауына шәкірт дайындаған үшін. «Бала дарын» жасөспірімдер байқауы жобасының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушылар арасында «Көктем шуағы» атты республикалық байқауға дарынды шәкірт қатыстырған үшін «20Виртуалды экскурсия «Балабақша-бізге жылулық сыйлайтын ертегінің бір бөлігі» атты облыстық байқауына қатысқан үшін	сертификат	2021
			Диплом	2022
			Алғыс Хат	2022
			Диплом	2022
			Сертификат	2022
7	Беккалиева Айгуль Кабиденовна	Республикалық балалар шығармашылық байқауына тәрбиеленушіні дайындағаны үшін. Өскелең ұрпақты шығармашылық жолда тәрбиелеп,білім мен өнерге қосқан еңбегі үшін	Алғыс Хат	2021
8	Садвокасова Махпал Муслуманбековна	«Ұстаз –ұлы есім» атты республикалық байқау дарынды шәкірт дайындаған үшін Республикалық «Ziyatker» ғылыми әдістемелік және педагогикалық журналы Ұлы дала ұстазы" журналына үздік мақала жариялаған үшін; диплом республикалық байқауына дарынды шәкірт дайындаған үшін	диплом «Алғыс хат» Сертификат	2021 2021 2021

		экологиялық жоба «Эколята-дошколята» Асылхан Аяла І дәрежелі "Ұстаз-ұлы есім" республикалық байқау, Ғабдылрахим Раяна Диплом І дәрежелі "Ұстаз-ұлы есім" республикалық байқау; Диплом І дәрежелі ""Тәуелсіздік-тұмарым" республ. байқауында мәнерлеп оқу Жамаш Балжан «Ziyatker» ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналы. «Қазақстан педагогтарының 2021-2022ж. жариялаған 100 үздік мақаласы» «Ұлы дала Ұстазы» халықаралық ғылыми-педагогикалық журналы	Сертификат 1-Дәрежелі Диплом 1-Дәрежелі Диплом Алғыс Хат Құрмет грамота Сертификат	2021 2021 2021 2021 2021 2022
9	Темирханова Асель Жолдаспаевна	Ойын арқылы балалардың сөйлеу тілін сөздік қорын дамыту жолдары		2021
10	Алдабаева Рысты Мубараковна	«Рухани жаңғыру ақпараттық - сараптамалық орталығы және «ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған «Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының «Үздік мақала» номинациясы бойынша 1-орын алғаны үшін марапатталады. «ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының 2021 жылғы қыркүйек айындағы № 09 (92)санында «Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі баланың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру» тақырыбында материалы жарияланғанын растайды.	Диплом 1-Дәрежелі Сертификат Диплом	2021 2021

		Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне орайластырылған «Ана тілінің-арын бұл» Республикалық челлендждің облыстық кезеңінің өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді мәнерлеп оқу «Үздік жеке мәнерлеп оқу» номинациясында Жамаш Балжан марапатталады	Сертификат	2021
		«Ана тілінің-арын бұл» атты өлеңдер, ертегілер, әңгімелерді мәнерлеп оқу Республикалық челленджінің аудандық кезеңіне қатысып «Өссе тілім, мен де бірге өсемін» номинациясына ие болғаны үшін Дулатова Жасмина	Сертификат	2021
		«Ана тілінің-арын бұл» атты өлеңдер, ертегілер, әңгімелерді мәнерлеп оқу Республикалық челленджінің аудандық кезеңіне қатысып «Өссе тілім, мен де бірге өсемін» номинациясына ие болғаны үшін Жамаш Балжан		
11	Мухамеджарова Баглан Корманбековна	Уәлиханов аудан әкімінен Пішенбаев Қ Қ Қыс қызықтары» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған іс шаралар жоспарын іске асыр аясында өткен Қазақтың ұлттық тағамдарын дайындау отбасында бейнероликтар конкурсында «Ғажайып қыс» тақырыбындағы балабақша тәрбиенушілеріне арналған Республикалық байқауға үлгілі шәкірт тәрбиелегені үшін Халықаралық байқауында «Апликация» номинациясы бойынша жеңімпазды дайындағаны үшін	Алғыс Хат Диплом Диплом I дәрежелі Алғыс Хат Диплом	2021 2021 2021 2022 2022

12	Шаяхметова Рауза Қанатқызы	за активное участие в обл конкурсе Любимый воспитатель глазами родителей и детей"	Балагодарн ость	2021
		«Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары арасында ашық сабақтар аллеясы» олыстық педагогикалық понорамасында жұмыс тәжірибесін ұсынғаны үшін	Сертификат	2021
		За участие в областном конкурсе экологических проектов «Эколята- дошколята» посвященного 30-летию Независимости РК	Сертификат	2021
13	Муханова Гульназ Жаслановна	Облыстың білім беру жүйесін дамытуға зор үлесін қосқан үшін	Алғыс хат	2021 ж.

Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін кеңестер, семинарлар, педагогикалық кеңестер, ҰІӨ және режимдік сәттердің ашық көрсетілімдері ұйымдастырылған. Балабақша 1-Дәрежелі Диплом ҚР Тәуелсіздігінің 30- жылдығына орай «Тәуелсіздік жылдары және біздің балабақша» атты облыстық байқауына қатысып Дипломға ие болған. Тәрбиешілер мен педагогтар көптеген байқауларға қатысып сертификаттарға иеленді. (кесте10.Марапаттар 2021-2022 оқу жылы).

Педагогтардың кәсіптік дамуы және тұлғалық өсуі бөбекжайдың оқу қызметінің сапасына байланысты.Қаралған екі оқу жылы кезеңінде педагогтар облыстық семинарларға,конференцияларға,мастер-класстарда спикер және қатысушылар ролінде қатысқан.

2023 жылы мамыр айында «Күншуақ» бөбекжай бақшасында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына арналған облыстық семинар ұйымдастырылған:«Мен денсаулығымды күтемін-өзіме өзім көмектесемін». Қатысушылар СҚ облысының әр ауданынан келіп,өз тәжірибелерімен бөлісті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа технологияларын қолдану әдістерімен бөлісіп,тәжірибемен алмасқан.Балабақша тәрбиешісі Абишева Н.Б. Омирзакова Т.З. осы семинарда «Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда Хатха йога гимнастика элементтерінің тиімділігі» тақырыбы бойынша шеберлік сынып өткізген.Бимурзин А.С. дене шынықтыру нұсқаушысы «Мектепке дейінгі мекемеде ұлттық ойынның маңызы» атты шеберлік сынып көрсетті. «Мектепке дейінгі ұйымдарда эвритмия элементтерін қолдану» Садвокасова М.М. және «Көрнекілік-тәрбиешінің қаруы» Кажатова Ф.Н. шеберлік сынып көрсетіп тәжірибелерімен бөлісті.25 ақпан 2022ж. Кажатова Ф.Н.Республикалық деңгейде өткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтерінің съезінің қатысушы ретінде барды.16 наурыз 2022ж. «4К моделі бойынша шеберлік-сынып» Кажатова Ф.Н. тәжірибемен бөлісті.Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Сабақты зерттеу: қазақстандық мектеп тәжірибесі» атты халықаралық қатысушылардың қатысуымен ұйымдастырған

облыстық ғылым-практикалық конференциясына 3 педагог қатысып өз тәжірибелерімен бөлісіп, тәжірибені жалпылау сертификаттарына иеленді. Ал қалған педагогтар 5 қатысушы ретінде сертификаттандырылды. 26 мамыр 2023ж.Ақжар ауданы Ленинград селосында «Еркетай» балалар бөбекжай бақшасында «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың жаңартылған әдіс-тәсілдері» семинарында Беккалиева А.К. өз тәжірибесімен бөлісіп сертификатқа ие болды. ҚР Оқу ағарту министрлігі «А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы АҚ ҚР білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингінде тест өткізуші ретінде меңгеруші Муканова Р.К. қатысты.Педагогтар мен тәрбиешілер тәжірибе тарату мақсатында авторлық бағдарламалар әзірледі. Балабақшаның педагогикалық кадрлар құрамында үш жылға дейін 5 жас маман бар.Ұжымда жүйелі түрде жас мамандармен жұмыс жүргізіледі: әдіскердің теориялық кеңес беруі жоспарланады,сайыстар,өзара ұйымдастырылған іс әрекеттерге қатысады.Жас мамандармен жұмыс бойынша шығармашылық топ құрылған.Балабақшада жас мамандар болғандықтан , тәлімгерлік туралы ережелер негізінде, «Күншуақ» бөбекжай бақшасында МКҚК-де жас мамандардың кәсіби маман ретінде қалыптасуына және кадрлық әлеует жасауға көмек көрсету мақсатында тәлімгерлер тағайындалған.Жас маманмен жүргізілетін жұмыс жоспары бекітілген. Жоспардың орындалғаны туралы есеп 2022 ж. мамырдағы №5 педагогикалық кеңестің отырысында тыңдалған.

Әдістемелік жұмысқа **қорытынды** жасай отырып,атап өту керек,әдістеме жұмысы жылдық жоспардың мақсатына сай жүргізілген,педагогтар өз білімдерін көтерген, конкурстарға қатысып, тәжірибелерімен бөлісіп, таратқан.Балабақшада тәрбиелеудің жаңа тәрбие мен білім берудің тиімді жүйесін қолдану арқылы,мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда заманауи бағытты игерген бөбекжайлар қатарына ену- педагог ұжымының мақсаты. (кесте11.Марапаттар2022-2023оқу жылы)

Марапаттар 2022-2023 оқу жылы

р/с	Педагогтың аты жөні	Байқаудың атауы	марапат	жылы
1	Муканова Рошатай Канашовна	«Үздік әдістемелік нұсқаулық» мектепке дейінгі білім беру педагогтары арасындағы облыстық байқауына белсенді қатысқаны үшін «Сабақты зерттеу: қазақстандық мектеп тәжірибесі» атты халықаралық қатысушылардың қатысуымен ұйымдастырған облыстық ғылым-практикалық конференциясында тәжірибемен бөлісті. ҚР білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингінде тест өткізуші ретінде қатысқаны үшін.	Сертификат	2023
			Сертификат	2023
			Алғыс хат	2023
2	Абишева Нургуль Багдатовна	«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделін іске асыру» тақырыбында өткен семинарда тәжірибесімен бөліскені үшін. «Мен денсаулығымды күтемін-өзіме өзім көмектесемін» облыстық семинарында өз тәжірибесін ұсынғаны үшін. «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы фото, бейнесюжеттер байқауына белсенді қатысқаны үшін. «Кадрдағы үздік сәттер» атты Республикалық байқауының облыстық кезеңіне қатысқаны үшін.	Сертификат	2022
			Сертификат	2023
			Алғыс Хат	2023
			Сертификат	2023
3	Кажатова Фариза Нигматовна	«Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру бойынша аудандық байқауына қатысып жүлделі I орын алғаны үшін; «Кітап калейдоскопы» кітап бұрышын ұйымдастыру республикалық байқауының облыстық кезеңінің жүлдегері кішкентай балаларға арналған кітап бұрышы номинациясы; «Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру бойынша республикалық байқауына белсенді қатысқаны үшін;	Диплом	2023 ж.
			Диплом 1-Дәрежелі	2023 ж.
			Алғыс Хат	2023 ж
			Сертификат	2023ж

		«Мен денсаулығымды күтемін – өзіме өзім көмектесемін» семинарында өз тәжірибесін ұсынғаны үшін;		
4	Алдабаева Рысты Мубараковна	Білім беру ұйымдарының педагогтерін арналған «Сабақты зерттеу: қазақстандық мектеп тәжірибесі» атты халықаралық қатысушылардың қатысуымен ұйымдастырған облыстық ғылым-практикалық конференциясына қатысты Білім беру ұйымдарының педагогтерін арналған «Сабақты зерттеу: қазақстандық мектеп тәжірибесі» атты халықаралық қатысушылардың қатысуымен ұйымдастырған облыстық ғылым-практикалық конференциясына таныстырылым арқылы сөз алып, педагогикалық тәжірибені жинақтауды растады	Сертификат Сертификат	2023 2023
5	Садвокасова Махпа Муслуманбековна	«Мен денсаулығымды күтемін-өзіме өзім көмектесемін» семинарында өз тәжірибесін ұсынған үшін	Сертификат	2023
6	Гельманова Лаззат Химашевна	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектеп тәжірибесі» атты халықаралық қатысушылардың қатысуымен ұйымдастырылған облыстық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты «Ашық сабақтар аллеясы» облыстық педагогикалық панарамасына белсенді қатысқан үшін.	Сертификат Сертификат	2023 ж. 2023
7	Омирзакова Тоты Зеннатовна	«Мен денсаулығымды күтемін-өзіме өзім көмектесемін» облыстық семинарында өз тәжірибесін ұсынғаны үшін.	Сертификат	2023ж.
8	Шаяхметова Рауза Қанатқызы	Білім беру ұйымдарының педагогтерін арналған «Сабақты зерттеу: қазақстандық мектеп тәжірибесі» атты халықаралық қатысушылардың қатысуымен ұйымдастырған облыстық ғылым-практикалық конференциясына қатысты. Білім беру ұйымдарының педагогтерін арналған «Сабақты зерттеу: қазақстандық мектеп тәжірибесі» атты халықаралық қатысушылардың қатысуымен ұйымдастырған облыстық ғылым-практикалық конференциясына таныстырылым арқылы сөз алып, педагогикалық тәжірибені жинақтауды растады	Сертификат Сертификат	2023 2023

9	Беккалиева Айгуль Кабиденовна	За участие в областном марафоне-дайджесте системы дошкольного образования Северо-Казахстанской области «Траектория успеха»	Сертификат	2022
		«Мектепке дейінгі ұымдарда тәрбие мен оқытудың жаңартылған әдіс тәсілдері» семинарында өз тәжірибесін ұсынғаны үшін.	Сертификат	2023
		Білім беру ұйымдарының педагогтерін арналған «Сабақты зерттеу:қазақстанд мектеп тәжірибесі» атты халықаралық қатысушылардың қатысуымен ұйымдастырылған облыстық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін	Сертификат	2023
10	Мухамеджарова Баглан Корганбековна	Халықаралық байқауында «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша жеңімпазды дайындағаны үшін	Диплом	2022
		«Зияткерлік қоғам» журналының бас редакторы мақала жариялағаны үшін	Алғыс Хат	2022
		Халықаралық «Өрлеу өркендеу»ғылыми ақпараттық журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Балапан бояулар әлемі» байқауына жеңімпазды дайындағаны үшін	Диплом 1-дәрежелі	2022
		Халықаралық «Өрлеу өркендеу» ғылыми ақпараттық журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Шебер тәрбиеші» байқауына қатысқаны үшін	Диплом 1-дәрежелі	2023
11	Бимурзин Айдар Саматович	«Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытуда Бестемше ұлттық ойынын үйретудің әдістемелік ерекшеліктері» шеберлік сынып	Сертификат	2023

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастағымен жүйелілігін қамтамасыз ететін өтпелі тақырыптар негізінде жасалған. Бөбекжайдағы әр топтың жас ерекшелігіне сай жазылған циклограммада уақыты,ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі,вариативтік бөлімі, оқу жүктемесінің ұйымдастырылған іс-әрекет ұзақтығы, үлгілік оқу жоспарына сәйкес берілген. Күн тәртібі сақталған. Мектепке дейінгі ұйымның оқу жоспары үлгілік жоспарының мазмұнына сәйкес жасалған.

2021-2022 оқу жылы тәрбиешілерімен педагог мамандардың перспективтік жоспарлары ортақ тақырып негізінде жазылып, циклограммалары жас ерекшеліктерін ескере жасалынған, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестелері, жас топтары бойынша күн тәртібі бар. Оқу қызметтерінің кестелері мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жас ерекшеліктері бойынша әр топтың жұмыс циклограммалары жинақталған, балалардың өмірін ұйымдастырумен тәрбие шараларының циклограммасында вариативтік бөлімде сағат сандары берілген.

2022-2023 оқу жылында ұйымдастырылған іс-әрекет-тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту, балалардың әрекетін ұйымдастыру арқылы балаларды дамыту, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (бұдан әрі-Бағдарлама) 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрық қосымшасында, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл-танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы іс-әрекет ұйымдастырылған.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидалары (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.01.2022 ж. № 6 бұйрығы)

Балабақшада тәрбие мен оқытуға педагогикалық-психологиялық жағдай туғызу қызметі жұмыс атқарған. Педагог-психолог өз жұмысында мектепке дейінгі балалардың даму ерекшеліктерін мұқият және жан-жақты зерделеген.

Орта білім беру ұйымдарына, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге арналған оқулықтардың, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтардың тізбесі (ҚР Білім және ғылым министрінің 23.04.2021 ж. № 179 бұйрығы) негізінде оқу қызметінде оқу-әдістемелік кешендерге арналған оқулықтар қолданылған, әдістемелік құралдарды және ұсыныстарды. 2022-2023 оқу жылынан бастап «Күншуақ» бөбекжай бақшасы дәстүрлі оқу-әдістемелік құралдармен және ҚРБҒМ «Балаларды Ерте дамыту институты» платформасынан, одан мектепке дейінгі ұйымның педагогтары әдістемелік көмекпен қатар көрнекі құралдарды қолданған.

«Балаларды Ерте дамыту институты» сайт платформасының мақсаты:

- Тәрбиешілерге әдістемелік көмек
- Оқытуда инновациялық технологияларды, әдіс-тәсілдерді енгізу және нәтижелі қолдану.
- Қазақ тілінде балаларға арналған шығармалардың топтамаларын көбейту.

Балабақшаның жаңа оқу жылына дейін оқу жоспарын және балабақша жұмысының жылдық жоспарын, педагогтардың перспективалық жоспарларын, күн тәртібін пед кеңесте талқыланып, бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес (2021-2022 оқу жылында) қызметін жүзеге асырған.

2022-2023 оқу жылының бағалау кезеңіне мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың циклограммалары ҚР Білім және ғылым министрінің 6 сәуір 2020 ж. № 130 бұйрығына енгізілген өзгертулер және толықтыруларына сәйкес.

«Мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру

орындарында ұйым педагогтары жүргізетін құжаттар формаларының тізімі» берілген формаға сәйкес құрылған. ҚРО қу-ағарту министрінің бұйрығымен 27 тамыз 2022ж. № 382.Тіркелген ҚР әділет министрлігінде 27тамыз 2022ж. № 29326 .«Күншуақ» бөбекжай бақшасында МКҚК педагог-мамандардың циклограммалары, перспективтік жоспарлары электронды түрде толтырылған және шығарылған (№130 бұйрық).

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес іске асырылған.Циклограмма әр аптаға құрылған,ол балаларды қабылдаудан бастап,түрлі балалар әрекеттерін,серуенді өткізуді,күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтыған. Циклограмманың құрылымы күн тәртібі бойынша аптаның әрбір күніне перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған

іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлері анықталған; әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілікпен сабақтастық қағидасы сақталған.Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолданылған .Балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы орта (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуы қарастырылған, оның мүмкіндіктерін барынша қолданылған) құрылған. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары,қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілген. Циклограмманы әр топта жұмыс істейтін педагогтер және мамандар (қазақ тілі оқытушысы, дене шынықтыру нұсқаушысы,музыкалық жетекшісі)тәрбиешілермен біргіп жасаған. Педагогтардың циклограммалары өзін-өзі бағалау кезеңіне сай бірге берілген. Перспективалық жоспар және циклограммалар балабақша әдіскерімен тексеріліп отырған. Талдау кезінде перспективалық жоспар және циклограммалар, үлгілік оқу бағдарламасы және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі анықталған.

2021-2022 оқу жылында «Күншуақ» бөбекжай бақшасының педагогикалық ұжымы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сай вариативтік бөлімге сағаттар еңгізген. Бөбекжайда тәрбиелеу мен оқыту процесі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдығы № 182 бұйрығына ,«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18мамырдағы № 207 бұйрығына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 90 бұйрығына,«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына, сонымен қатар ҚР 2021 жылғы 9 шілде № 59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын

бекіту туралы» ережеге сәйкес жүзеге асырылған.

Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің көлемі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы, баланың денсаулығы мен психикасын қорғауға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ортаңғы топтан бастап вариативтік компонент енгізілген. Вариативтік компоненттің бір апта ішіндегі жалпы көлемі: ортаңғы топтың балалары үшін-1сағат; ересек топтың балалары үшін-2 сағат.

- **2021-2022 оқу жылдарында вариативтік компонент бойынша:** Ортаңғы топтарда ұйымдастырылған апталық оқу жүктемесінің көлемі-11сағат, 1сағат вариативтік компонент(12сағат). Ересек топтарда (4жастан бастап)– 2 с.

«Балапан» ортаңғы топ 3 жастан бастап-1 сағ. «Ертегілер әлемінде». Мирманова Г.Е., Жанғон А.С. №7 бөбекжай бақшасының тәрбиешілері. «Ертегілер әлемінде» деген бағдарлама 3-4 жастағы балаларға арналған. Күннің екінші жартысында өткізілетін вариативтік компонент. Театр ойындары арқылы көрсетілген әртүрлі іс әрекеттер, қимыл-қозғалыстар балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жан ашырлық қасиеттерін тәрбиелеуге жағдай жасайды және әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйретеді. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады. Ертегінің көркем де жеңіл тілі баланың қиялына қанат бітіріп, арманын асқақтатып, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Ертегі оқу арқылы балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне қорытынды жасай отырып, балаларды адамгершілік кетәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын байыту, қоғамдық өмір туралы ұғымдарын кеңейту, эстетикалық сезімдерін ояту жүзеге асырылмақ.

«Балдәурен» ортаңғы тобы 3 жастан бастап-1 сағ, «Сиқырлы саусақтар» Дәстүрлі емес сурет салу әдістерін ажырату, атау оны практикада пайдалану. Умаждаған қағаз, тығын, істік, жіп т.б. көркем материалдармен жұмыс істеу әдістеріне үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін, байқампаздығын, ойлауын, білуге деген құштарлығын дамыту.

- Ересек топ (4жастан бастап)– **2 с.**

«Балдырған» ересек тобы-«Тәрбие тал бесіктен» 1-сағ. Мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие отбасынан бастау алатынын түсіндіру, өзара сыйластыққа үйрету, бойларындағы жақсы қасиеттерді дамыту, адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу, халық ауыз әдебиетін дәріптеу. https://ust.kz/word/tarbie_tal_besik-71244.html. және **«Өнерлі екен он саусақ» вариативті компонент** балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

- Ересек топ (4жастан бастап)– **2 с.**

- **Айгөлек ересектер тобы- «Өнерлі екен он саусақ»** Еңбек баланың адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық дамуының ең бір басты факторлары. Осы сатыда қалыптасқан дағды баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Бағдарлама балалардың еңбек әрекетіне қатысуға

қызығушылығын дамыту мақсатын көздейді мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамытуға бағытталған, және «Сауат ашу» вариативті компонент балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ана тілінің ережелерімен базалық нормаларын игеруге бағытталған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы бойынша – Алматы: «Алматы кітап баспасы» 2014-188 бет Г.Ж.Тұрсынбаева, Қ.І.Үкібас қолдануға ұсынылған бағдарламасы бойынша Алматы кітап баспасы.

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы педагог-психологының 2021- 2022 оқу жылына арналған аналитикалық есебі

Педагог-психолог Шаяхметова Р.Қ. 2021-2022 оқу жылы осы көрсетілген жоспар бойынша жұмыс жасады.

Мақсаты: Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру; білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері:

1. Психологиялық денсаулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;
2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.
3. Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының психологиялық денсаулық туралы түсінігін кеңейту.

Балабақша психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатында және балабақшаның тәрбие беру ортасында арнайы жағдайда қалыптастыра отырып, баланың психологиялық дамуын жақсарту мақсатындағы міндеті- балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру, балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау, балаларды индивидуалды және жастық ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру, көңіл-күйлерін ұйымдастыруға қатысу, педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады.

Мақсаты: психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру. Балалармен жұмыс - балалардың балабақша бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсетілді - балалармен танысып топ тізімін дайындалып -жылдың басында және жылдың аяғында зерттеу жұмыстар жүргізілді. Ата-аналармен жұмыс - «Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» ақыл-кеңестер берілді. Жылдың басында балалардан алынған зертеу жұмыстары жүргізілді. Педагогтармен жұмыс - әкімшілікке әлеуметтік психологиялық көмек -педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек берілді - «жас тәрбиешілерді ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл-кеңестер беру» баяндама оқылды, - тренинг «кездесу», сауалнама «өз мамандығының шеберлігін анықтау» тренинг ретінде

өткізілді. Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында Ұйымдастырылған оқу - қызметіне қатысып, бақылап өздерімен бірігіп сабаққа психологиялық-педагогикалық талдау жасалды. Яғни тәрбиешілерді бақылау барысында балаларға деген дөрекілік немесе нашар қарым-қатынас байқалмады. Жалпы топтарда психологиялық ауа райы жақсы қалыптасқан, берген ұйымдастырылған оқу - қызметтері тартымды, бала мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынасы өте жақсы, балаға деген сүйіспеншілігі жылулығы жоғары дәрежеде екені байқалды. Жылдың аяғында топтың «даму деңгейін» анықталды. Қыркүйек айынан бастап ІІ кіші топпен жұмыс жасалды, оның ішінде зертеу жұмыстары, 4,5 жас аралығындағы балалармен жұмыс жасалды. Қыркүйек айында балалармен адаптациялық кезеңнен өтуіне байланысты психопрофилактикалық, психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді. Психологиялық ойын арқылы балалардың «ойынды» әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Оқу жылдың басында қазан қараша айларында және оқу жылдың аяғында наурыз сәуір айларында балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процестерін анықталып мониторингі шығарылды. «Айгөлек» топтың балалардың ойлау қабілеттері жылдың аяғында «жақсы» екені анықталды, «Балдырған» ортаңғы топтың ойлау қабілеттері «орташа», «Балдәурен» ойлау қабілеттері «орташа» деңгейде. Жалпы балалардың балабақшаға деген әсері жақсы, достары көп екені анықталды тек қана балабақшаның ойыншықтары аз, балаға жеткіліксіз екені сұрақтар қою барысында көп ұпай жиналды. Қантар айында үлгерімі «орташа» деңгейдегі балалармен психологиялық түзету жұмыстарын жүргізгенде балаларға «Артық ұғымның астын сыз», «Суретті есте сақта», «Нүктелерді есінде сақтап қойып шық» әдістемелері қолданылып балалармен жұмыс жүргізілді. **Қорытындысында** есте сақтау деңгейлері әртүрлі орташа немесе жоғары екендіктері анықталып көрсетіліп отырды. Ал мамыр айында оқу жылдың аяғында «Айгөлек», «Балдырған», «Балдәурен» тобының тәрбиешілері сауалнама толтыру барысында даму деңгейі «төмен» бала жоқ екені анықталды. Мамыр айында жоғары «Айгөлек» «Балдырған» ересектер тобының тәрбиеленушілері «мектепке дайындығын анықтау» мақсатында зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде балалардың мектепке дайындығы жақсы екені анықталды. Балабақша ата-ана байланысын жақсарту мен тәрбиешілердің ата-аналарымен байланысы, қарым-қатынасын анықтау мақсатында балабақшада ата-аналарға ай сайын кеңестер ұйымдастырылды. Балабақшада жалпы ата – аналар жиналысы өткізіліп балабақшаға деген көзқарасын анықтау мақсатында ата-аналардан сауалнама жүргізіліп, нәтиже шығарылды, нәтижесінде ата-аналардың балабақша деген көзқарастары жақсы деген ниетте екендігі анықталды

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы педагог-психологының 2022- 2023 оқу жылына арналған аналитикалық есебі

Педагог-психолог Аринова Б.Ж. 2022-2023 оқу жылы осы көрсетілген жоспар бойынша жұмыс жасады.

Мақсаты: Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру; білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері:

1. Психологиялық денсаулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;

2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.

3. Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының психологиялық денсаулық туралы түсінігін кеңейту.

Жылдық жұмыс бағыттары:

- Ақпаратты –аналитикалық бағыт;
- Психодиагностика;
- Түзету-дамытушылық;
- Кеңес беру;
- Психопрофилактика ,психо-ағарту.

Осы аталған жылдық жұмыс бағыттарын орындау барысында қыркүйек айында келесідей жұмыстар жүргізілді. Алдымен кіші топ балаларының таным үрдістеріне зерттеу жүргізу мақсатында «Кімге не жетіспейді?» және «Суреттерді салыстыр» әдістемелері қабылдау үрдісі мен зейіннің шоғырлануына өткізілген болатын. Нәтижесінде «Балауса» тобының 5 баласы - жоғары деңгейде, 15 бала – орташа деңгейде тапсырды. Төмен деңгейде тапсырған балалар жоқ. Осы айда дарында балаларға, аса белсенді (гиперактивті) балаларға және тұйық балаларға зерттеу жүргізіліп, оларға жеке дамуына карталар толтырылды. Төменгі топ ата-аналарына «Бала балабақшаға алғаш келгенде» тақырыбында ақпарат берілді.

Қазан айында ортаңғы топтың таным үрдістеріне зерттеу жүргізу мақсатында қабылдау үрдісін зерттеуде «Кімге не жетіспейді?» және зейіннің шоғырлануына «Суреттерді салыстыр», ойлау үрдісін зерттеуде «Мына жерде не артық?» әдістемелері өткізілген болатын. Нәтижесінде «Балапан» ортаңғы тобының 7 баласы жоғары деңгейде, 12 баласы орташа деңгейде тапсырды. Төмен деңгейде тапсырған балалар жоқ. «Балдәурен» ортаңғы тобының жоғары деңгейде – 7 бала, орташа деңгейде – 18 бала тапсырды. Төмен деңгейде тапсырған балалар жоқ. Ортаңғы топ балаларына қарым-қатынасты меңгерту мақсатында «Менің достарым» атты топтық түзету-дамыту тренингтер мен ойындары өткізілді. Дарынды балалармен «Мына суретте не жетіспей тұр?» әдістемесі өткізілді. Балалар әдістеме тапсырмасына сурет бойынша дұрыс жауап берді. Осы айда «Балалардың психологиялық саулығы балабақша жұмысының басты міндеті» тақырыбында топ тәрбиешілеріне баяндама оқылып, талқыланды. Өте белсенді балалармен «Кұм» терапиясы бойынша ойындар өткізілді. Ересек топ ата-аналарына «Балаларға ұнайтын тәсілдер» атты психологиялық кеңестер берілді.

Қараша айында кіші топ балаларының таным процесіне қайта тексеру өткізілді. Әдістеме нәтижесінде төмен деңгейде тапсырған балалар болған жоқ. Дарынды балалармен «Ортақ қасиетін тап» әдістемесі өткізілді. Нәтижесінде балалардың танымдық дамуы жоғары деңгейде дамып келе жатқаны анықталды. Әдістеме балалардың жас ерекшелігіне сай өткізілді. Тұйық балалармен мазасыздынуын зерттеу мақсатында «Әлемде жоқ жануар» суретті тесті өткізілді. Нәтиже бойынша мазасыздығы жоғар балалар тіркелген жоқ. Тәрбиеші апайлармен «Қарым-қатынаста

қандаймыз?» іскерлік ойыны өткізілді. Кіші топ ата-аналарына «Балаға не үйрете аламыз?» тақырыбында әңгіме-кеңестер өткізілді.

Желтоқсан айында отбасы жайлылығын анықтау мақсатында «Менің отбасым» сауалнамасы өткізілді. Сауалнама нәтижесінде жайсыз тәрбие беріп отырған ата-аналар тіркелген жоқ. Ортаңғы және ересек топ балаларымен тұлға аралық қарым-қатынасын зерттеу мақсатында «Социометрия әдісі» өткізілді. Топ бойынша шеттетілген балалар жоқ. Барлық балалармен бір-бірімен жақсы ойнайды, үнемі достық қарым-қатынаста. Дарынды балалармен «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі өткізілді. Әдістеме нәтижесі бойынша мазасыздануы бар балалар анықталған жоқ. Кіші топ ата-аналарына «Ойын - көмекшіміз» атты ағартушылық жұмыс мақсатында ақпарат берілді. Топ тәрбиешілеріне «Балалардың танымдық ерекшелігі» тақырыбында баяндама өткізілді. Баяндама барысында тәрбиешілерге балалардың жас ерекшелігіне сай дамуы бойынша ақпарат берілді.

Қаңтар айында ортаңғы және ересек топ балаларының жеке тұлғалық қасиетін анықтау мақсатында «Үй – адам, ағаш» проективті тесті өткізілді. Тест нәтижесінде балалардың тұлғалық дамуы нормаға сай екені анықталды. Кіші топ балаларына «Міне, біздер қандаймыз?» атты балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында түзету-дамыту ойын-жаттығулары өткізілді. Дарынды балалармен «Менің ертегім» тақырыбында жеке жұмыс өткізілді. Гиперактивті балалармен арнайы тренингтер мен жаттығулар өткізіліп отырады. Тәртібінде қиындығы бар ерке балалармен ашушандығын басу мақсатында түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырады. Педагогтарға балалар жөнінде жеке психологиялық әңгіме-кеңестер өткізіліп отырады.

Ақпан айында ересек топ балаларының мектепке дайындығы тексерілді. Қабылдау, есте сақтау, ойлау, зейін, сөйлеу үрдістеріне келесі әдістемелер топтары өткізілді. «Кімге не жетіспейді?», «Суреттерді салыстыр», «Суреттерді есінде сақта», «Ақылға сиымсыз жағдайлар» т.б. Сонымен қатар «Мектеп алдыға дайындық» психофизиологиялық дамуын, жетілуін, таным қасиетін дамыту мақсатында балалармен түрлі дидактикалық тапсырмалар өткізіліп отырады. Мысалы; «Төрт құбылыс», «Не жоғалды?», «Айырмашылықтарын тап», «Өзің құрастыр», «Дұрыс боя», «Мозаикамен жұмыс», «Заттарды ата», «Реттілігін анықта» т.б. Осы айда дарынды балалармен «Ертегіні жалғастырып көр» жаттығуы орындалды. Кіші топ ата-аналарына «Балаңыздың тілінің дамуы» тақырыбында ақпарат берілді. «Ертегі терапиясына» байланысты кіші топ балаларына тақырыптық сюжетті-рөлдік ертегі айтылды. Ересек топ тәрбиешілеріне «Мектеп алдыға дайындық деген не?» баяндамасы талқыланды.

Наурыз айында ортаңғы және ересек топ балаларының қобалжуын тексеру үшін «Өмірде жоқ жануар» тесті өткізілді. Тест нәтижесінде қобалжуы бар балалар анықталған жоқ. Тұлғалық жағдайы нормаға сай. Дарынды балалармен «Не артық?» әдістемесі өткізілді. Балалар әдістеме тапсырмасын дұрыс орындады. Педагог кадрлармен «Жақсы көңіл-күй жан қуанышы» атты тренинг өткізілді. Ересек топ ата-аналарына «Жазалау дұрыс па, бұрыс па?» тақырыбында ақпарат берілді. Жадынамалар таратылды.

Сәуір айында Ортаңғы топ балаларының таным үрдістері қайта тексерілді. Тексеру нәтижесінде балалардың ақыл-ойының дамуы жас ерекшелігіне сай дамып

келе жатқаны анықталды. Төмен деңгейде көрсеткіштер болған жоқ. Ересек топ балаларының қобалжуын сейілту мақсатында олармен түрлі тренингтер мен жаттығулар ай бойы өткізіліп отырды. Дарынды балармен «Сиқырлы айна» тапсырмасы өткізілді. Кіші топ ата-аналарына «Баланы киінуге қалай үйретуге болады?» атты ақпарат берілді. Ай бойы өте белсенді балалармен түзету-дамыту ойындары мен тренингтері өткізілді.

Мамыр айында кіші топ балаларының таным үрдістері қайта тексерілді. Төмен деңгейде көрсеткіштер болған жоқ. Дамуы жас ерекшелігіне сай. Дарынды балармен «Сипаттамасы бойынша тап» әдістемесі өткізілді. Балалар әдістеме тапсырамсын жақсы орындады. Ересек топ ата-аналарына «Мектепке қуанышпен» атты ақпарат берілді. Жыл бойы ересек топ балаларымен таным қабілеттерін дамыту барысында дидактикалық тапсырмалар мен тренингтік ойындар мен жаттығулар, кіші топ балаларымен тренингтер мен саусақ ойындары, ұсақ қол моторикасын дамыту жаттығулары өткізіліп отырды.

Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас бір тұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен педагогтың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

Қорытынды: 1-4 жас аралығындағы балалар мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен 100 % қамтылған, балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға жағдай жасалған, ересек топ балалары мектептеп алды даярлық тобына дайын Гипербелсенді, ашушаң, тұйық балалармен жұмыс жүргізілген. Педагогтар мен тәрбиешілермен көптеген тренингтер мен сауалнамалар, кеңестер жүргізілді. Ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізілді.

V. Оқу-материалдық активтер

«Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары» (ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016ж. №70 бұйрығы) (4-қосымша «Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер» 2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы) (Негізгі құралдардың түгендеу тізбесі 2021-2023 ж.) «Күншуақ» бөбекжай бақшасының ғимараты 1969 жылы салынған, жер жылпы көлемі-0,5772 га, ғимарат көлемі-887,4 кв.м., оның ішінде оқу алаңы-518,9 кв.м. Екі қабатты типтік ғимарат. Күрделі жөндеуден 2012 жылы өткен (30481,867 млн.теңгеге). Күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік бар. Қуаттылығы 150 орын. Жылу жүйесі стационарлық, екі қазандықпен КВР-0,31 тас көмірмен от жағылады, төрт от жағушы жұмыс атқарады. Көмір сақталатын алаң бойынша қоршау орнатылған. Су орталықтандырылған. Мектепке дейінгі мекеме аумағы қоршалған, көгалдандырылған. Әр бір ойын алаңында күн мен жаңбырдан қорғайтын үш жағынан қоршалған 3 көлеңкелі шатыр бар, әр көлеңкелі шатырдың жанында шағын архитектуралық пішіндер таза және жақсы жағдайда, құм жәшіктері толығымен құммен ауыстырылады.

Балабақшада сауықтыру-тәрбиелеу процесін ұйымдастырумен жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Балабақшаның ауласы жақсы көгалдандырылған, гүлзарлар бар. Аулада әр топтың учаскелері жас ерекшеліктеріне

қарай топтарға бекітілген. ҰІӨ және ауада дене шынықтыру ойын-сауықтарын өткізуге арналған жеке денешынықтыру алаңы бар. Балалардың қозғалыс белсенділігін дамыту және учаскелерде спорттық ойындар өткізу үшін жеткілікті мөлшерде шығарылатын жабдықтар бар.

Учаскелерде қоршаған ортаны ұйымдастыру балаларға экологиялық тәрбие мен білім беруді қамтамасыздандыратын серуендеу учаскесі бар, балалардың тыныш ойындары мен қозғалыс қызметіне, сумен және құммен ойнауға арналған жабдық орналасқан.

Балабақшаны күзетші қауіпсіздік паспорты бойынша сыни нүктелердегі аумақты күнделікті тексеруді жүргізеді, пост дүрбелең түймесімен жабдықталған. Балалардың қауіпсіздігі үшін 2016 жылы 11 бейне бақылау іске қосылды, оның 11-ішкі және 5-сыртқы, 30-күндік сақтау таспасымен. Қауіпсіздік үшін өртке қарсы дабыл жүйесі және дауыстық дабыл орнатылған. Топ блоктары ойын, жатын біріккен бөлмелерінен тұрады. Қабылдау бөлмелері бөлек орналасқан. Дәретхана мен жуыну бөлмелері қосылған. Әр топтың өз кірер есігі және өртке қарсы 5 есік бар. Барлық топтар қажетті құрал-жабдықтармен, ойын және оқу-дидактикалық материалмен жабдықталған. Ас-үй, қойма, ас әзірлейтін блок бірінші қабатта (дайындау және пісіру) орналасқан. Қажетті жабдықтар жиынтығы (тоңазытатын камера-1 дана, тұрмыстық тоңазатқыш-2 дана, электр плиталары-2 дана, 1 дана электр ет тартқыш, 2 дана электр су қайнатқыш (біреуі-асхана блогында, екіншісі-кір жуатын бөлмеде) бар. Кір жуатын орын автоматты басқарудағы кір жуу машинасымен, центрофугамен, жабдықталған. Медициналық кабинет жабдықталған, оқшаулайтын бөлме бар. Әдістемелік кабинет көрнекі құралдармен жылда толықтырылады.

Балабақшаның әкімшілік кабинеттері, мед кабинет, ас әзірлейтін блок, кір жуу, үтектеу, таза төсек орны сақталатын бөлме, лас төсек қабылдау орыны, қоймалар т.б бөлмелер өз функционалдық жайлылық қағидаттарына сәйкес келеді.

Балабақшаның безендіруі қазіргі заманауи талаптарға сай, мемлекеттік тілде жүргізілген. «Мемлекеттік рәміздер», «Рухани жаңғыру», «Оқу-әдістемелік бұрышы», «Балабақша визиткасы», ата-аналарға «Ыстық мекен» арналған ақпараттық стенд, «Отбасы, балабақша, мектеп қоғам-игілікті болашақ үшін бірге» стенды, «Біздің жетістіктер» стенды, өртке қарсы ереже стенді, терроризмге қарсы, кәсіподақ бұрышы, психолог бұрышы, топ бұрышы, денсаулық бұрышы, тамақтандыру бұрышы.

Дене шынықтыру және музыка іс-әрекеттері кестеге сәйкес бір залда өтеді. Спорт зал жабдықтармен жарақтандырылған: швед қабырғасы, гимнастикалық қабырға, гимнастикалық саты, құм толтырылған қапшықтар, футбол доптары, гимнастикалық кірпіштер, денсаулық жолы, кегільдер (жиынтық), үлкен - кіші доптармен, тартысқа арналған арқан, массаж доптары, секіргіштер, құрсаулар, самокат, туннельдер, құрғақ бассейн, үйшіктер, кедергілер жолағы» т.б.

Музыка залында: ұлттық музыка аспаптары-домбыра, пианино, сырнай, бубендер, сылдырмақтар, музыкалық орталық, жабдықтарымен қамтылған. Барлық бөлмелер Сан ЕЖН нормативтік талаптарына сәйкес келеді. Балалардың балабақшада болу шарттары үнемі жетілдіріліп тұрады. Ұй-жайларды ұтымды пайдалану балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуы үшін де, оқу-тәрбие процесін толыққанды жүргізу үшін де қолайлы жағдайлар жасалған. Жиһаздың, оқу, ойын және басқа жабдықтардың орналасуы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа толық

сәйкес келеді және қауіпсіздік техникасы, санитарлық-гигиеналық нормалар, балалар физиологиясы, функционалдық жайлылық қағидаттарына сәйкес келеді, бұл балаларға өздерін топта еркін сезінуге мүмкіндік береді. Бөбекжайдағы пәндік-дамытушылық орта көркемдік-эстетикалық талаптарға, балалардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға, олардың толыққанды дамуына бейімделген. Топтарда ойыншықтармен ойнауға ашық, үлкен кеңістік бөлінген, заттармен ойнауға арналған бұрыштар ұйымдастырылған, сюжетті-рөлдік ойындардың бұрыштары орналастырылған (шаштараз, аурухана, дүкен, аспаз, мектеп, жол ережесі т.б.). Барлық топтарда әр түрлі құрылыс жиынтықтары, мозаика, кесілген суреттер, көркем құрылысқа арналған қалдық және табиғи материалдар бар. Балалардың көркемдік және эстетикалық дамуы үшін топтарда әр түрлі іс-шараларға арналған бұрыштар бар. Олар әр түрлі материалдармен және сурет салу, жапсыру, модельдеу, қол еңбегі құралдарымен жабдықталған. Мерзімді түрде қабылдау бөлмелерінде, дәліздерде балалар жұмыстарының көрмелері (суреттер, қол өнер), сондай-ақ балалардың тәрбиешілермен және ата-аналармен бірлескен жұмыстары («Табиғат бұрышы» түрлі өсімдіктер, аквариум бар; «Кітап бұрышы» ертегілер, қызықты балаларға арналған кітаптар мен иллюстрациялар бар; «Ұлттық бұрыш»

киіз үй, қазақ халқының тұрмыстық заттары) ұйымдастырылған. Әр баланың портфолиосы, топтың төл құжаты бар. Қоршаған ортаны құрайтын заттарды белсенді пайдалану (ойыншықтар, макеттер, лего, рөлдік ойындарға арналған атрибуттар, тәжірибелік бұрыштар және т.б.) балалардың бастамашылық деңгейін арттыруға, әр түрлі іс-шараларға жағдай жасауға, үй-жайларға тікелей, үй көрінісін беруге мүмкіндік береді. Әр топта ұлттық бұрыш, театрландырылған бұрыш, денсаулық бұрышы бар. Үй-жайларды мұндай ұйымдастыру педагогикалық тұрғыдан орынды, жоғары мәдениетімен ерекшеленеді, жайлы көңіл-күй қалыптастырады, балалардың эмоционалды әл-ауқатына ықпал етеді.

Балабақшада балалармен іс-әрекет жүргізуде педагог-мамандардың жұмысы үшін заманауи ақпараттық-техникалық база құрылған. Компьютерлер: меңгерушінің, медбикенің, бухгалтердің кабинеттерінде орналасқан, екі компьютер интернет желісіне шығуымен. Электрондық пошта арқылы ұйымдармен байланыс және ақпарат алмасады. Балаларды жан-жақты дамуына бөбекжайда теледидар, DVD, проектор, интерактивті тақта, музыкалық жүйемен жабдықталған.

«Күншуақ» бөбекжай бақшасында жас ерекшеліктеріне сай топтарда «Физикалық дағдылар», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық зияткерлік», «Шығармашылық дағдылар», «Әлеуметтік дағдылар» талаптарын орындау мақсатында дамытушы орта жасақталған. Әр топ пәндік кеңістік орта әдістемелік-дидактикалық құралдармен, ойыншықтармен жасақталған: «Денсаулық» дағдылары бойынша балалардың негізгі қимыл – әрекетін қалыптастыру, денсаулығын нығайту, ағзаларын шынықтырып, психикасына әсерлі жағдай жасау мақсатында: үлкен-кіші доптар, қимылды ойын жинақтары, массажды төсеніштер, гантельдер, кегльдер бар.

«Қатынас» дағдылары бойынша балалардың сөздік қорын дамыту, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мақсатында өлең, тақпақ, жаңылтпаштар жинағы, көркем әдебиеттер, үстел үсті саусақ театры, стенд-кітапша театры қойылған. Кітап бұрыштары ұйымдастырылған

«Таным» дағдылары бойынша: балалардың қоршаған орта туралы білімін

кеңейту, сенсорлық қабілетін дамыту, бейнелі қимылдық ойлауларын дамыту үшін дидактикалық ойындар, лото, домино, текшелер, конструкторлар, суреттер, қамтылған.

«Шығармашылық» дағды бойынша: балалардың өнімді әрекеттерге қызығушылығын ояту, байқампаздығын дамыту, тыңдау, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, актерлік шеберлікке баулу мақсатында: түрлі түсті, акварель бояулары, ермексаз, қойылымдарға арналған атрибуттар, ұнтаспалармен жабдықталған. Көлеңкелі, қол, саусақ театрының түрлері бар. «Әлеумет» дағды бойынша: баланың әлеуметтік қасиеттерін дамыту, экологиялық сауаттылығын арттыру, қоршаған ортаға қамқорлық көрсете білу дағдыларын қалыптастыру үшін: муляждар, жол жүру ережелері, бөлме гүлдер түрлері, дидактикалық материалдар қойылған.

Білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың зияткерлік, әлеуметтік, физикалық, жеке даму үшін қажетті әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдармен жабдықталған. 2021-2022 оқу жылында дидактикалық материалдар: үстел үсті ойындары – 80 дана, супермаркет ойыншықтар жиынтығы – 2 дана, асхана ойыншықтар жиынтығы – 18 комплект, шаштараз ойыншықтар жиынтығы – 6 дана.

2022-2023 оқу жылында

Жиһаздар: балаларға арналған орындық – 150 дана; ойыншықтарға арналған шкаф – 12 дана; 4 орындық үстел – 30 дана; гимнастикалық тепе-теңдікті сақтауға арналған орындық – 2 дана;

Ойыншықтар: қуыршақтар – 12 дана,

Дәрігер ойыншықтар жиынтығы – 5 дана жиынтығы, асхана ойыншықтар жиынтығы – 18 комплект, қуыршақ – 2 дана; танграмм пазл – 3 дана; пазл – 4 дана; мозайка – 6 дана; шаштараз жиынтығы – 5 дана; отбасы – 5 дана; жүк машинасы – 6 дана; музыкалық аспаптар – 3 дана; жануарлар жиынтығы – 6 дана; конструктор – 4 дана.

(Бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесі қоса берілген).

Қорытынды: бөбекжай пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сай балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін балабақшаның ресурстарымен жағдайлары толық қамтылған, баланың эмоционалдық әл-ауқатының жағдайын оңтайландыру мақсатында СанЕЖН талаптары орындалған; баланың толыққанды әлеуметтік даму ортасы құрылған; балалардың денсаулығын жақсарту және нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасалған; барлық жас топтары үшін, спорт және музыка залы ойын жабдықтары толықтырылған, бұл балалар мен педагогикалық жұмыстың әртүрлі формаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен білім алуда қамтылмай отырған отбасылармен педагогикалық-психологиялық бағыттағы кеңес беру пункті ұйымдастырылған: ата-аналарды мазалаған сұрақтар бойынша мамандар (меңгеруші, педагог-психолог, әдіскер, медбике, тәрбиеші) көмек берген. Тілді түзету, мектепке немесе балабақшаға бару дайындығы, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білу мәселелерін шешуге пайдалы кеңестер берген. Балабақшаға түрлі түсті баллар шкафы – 105 дана; 3 ярустық жылжымалы кереуттер – 21 дана; түрлі түсті үстелдер – 21 дана осы жылы жаңадан алынды. Ағымдағы жылдың ортасында дене шынықтыру

жабдықтары (гимнастикалық таяқшалар, жұмсақ модельдер, гимнастикалық төсеңіштер, кедір-бүдір жолақшалар) және топтарға арналған ойыншықтар жиынтығын алуға жоспарлап қойдық.

Жабдыктандыру және тамақтандыруды ұйымдастыру

Балабақшада ҚР-ның заңында белгіленген азық-түліктерді тұтыну нормаларымен балалардың балансталған тамағын мектепке дейінгі ұйым қамтамасыз етеді. Тамақтандыру күніне 4 рет (таңертеңгі ас, екінші таңғы ас, түскі ас, бесін ас) – 10,5 сағаттық жұмыс тәртібіне сәйкес. Ас әзірлейтін блокта барлық технологиялық, мұздататын және басқа құрал- жабдықтармен аспаздар жұмыс жасайды. Штат кестесіне сәйкес (0,5 ставка) диетбике жұмыс атқарады. Күнделікті ас-мәзірін құрастырады, әкелінген тағамдардың сапасын бақылайды, ұсталу және сақталу ережесін бұзбауын талап етеді. Тамақ пісіру сапасына көңіл аударады, тағамның нақты мөлшерін сақтайды.

Қажетті жабдықтар жиынтығы: тоңазытатын шкаф, тұрмыстық тоңазатқыш, электр плиталар, электр ет тартқыш, суқайнатқышпен қамтылған. Өндірістік құрал-сайман, ыдыс, басқада заттар жеткілікті мөлшерде. Тез бұзылатын азық-түлік тоңазытатын шкафта сақталады, әр тоңазытқышта термометрлер бар. Сақтау мерзімі және өнімнің дұрыс сақталуы санитарлық ережелермен гигиеналық нормативтер талаптарына сәйкес сақталады.

Балабақшада он күндік маусымдық перспективтік ас мәзірі бар. Ас әзірлеуде технологиялық карталар қолданылады. Дайындалған тамақтың бракеражы жүргізіледі, бракераж журналында тамақтың сапасы белгіленеді. Өндірістік бақылау бағдарламасымен қарастырылған іс-шаралардың орындалуы және технологиялық процесте гигиеналық талаптардың сақталуын медбике күнделікті жұмыста бақылауда ұстайды. Күнде дайын тамақтарды тексереді және оларды СЭС талаптары бойынша сақталуға жібереді. Сұрыпталған тәуліктік сынама үшін қалдырылады. Диетбике өнімнің дұрыс салынуын және дайын тамақтың дайындалуын, тамақты топтарға таратуын, топта әр балаға жастарына сәйкес ас мөлшерімен таратуды назарда ұстайды. Ас мәзіріндегі тамақтың әртүрлігін өнімдердің ассортиментін толықтыру арқылы жетілдіреді. Тамақ рационының каллориясы мен химикалық құрамына үнемі есеп алынады. Аурулардың алдын алу мақсатында күнделікті ас-мәзіріне жемістер, көкөністер енгізілген. Дәрумен С тамаққа қосылады. Тамақтан улану жағдайлары, қауіп төндіретін ішек аурулары балабақшада тіркелмеген.

Қорытынды: балабақшада тамақтандыру 4 рет, балалардың 10,5 сағаттық қатысуына сәйкес. Мемлекеттік сатып алу ережесі бойынша өнім алынады. Өнімнің қауіпсіздігімен құжаттардың, рұқсат құжаттардың әрекетету мерзімдерімен сәйкес келуін растайтын құжаттардың болуы тексеріледі. Тамақтың сапасы, өнімнің дұрыс салынуы, тамақ дайындау технологиясын сақталуы күнделікті бақыланады. Бақылау жылдық жоспарға сәйкес мед. қызметкермен және балабақша әкімшілігімен атқарылады.

Медициналық кабинетінің жабдыктануы

Медициналық қызметті мектепке дейінгі ұйымда медбике атқарады. Негізгі

міндеті балалардың және қызметкерлердің денсаулығын қадағалау. Медицина қызметкері балабақша әкімшілігімен қатар тәрбиеленушілердің денсаулығы мен физикалық дамуына, профилактикалық іс-шараларға, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына, күн тәртібінің орындалуына және тамақтанудың сапасына жауапты. Қызметкерлердің уақытында медициналық байқаудан өтулерін бақылайды. Балабақшада медицина қызметкерінің жұмысына барлық жағдай жасалған, медициналық блокта:

- Қабылдау бөлмесі
- оқшау бөлмесі

Медициналық блок санитарлық нормаларға сәйкес жабдықталған:

-арнайы құралдар және аспаптар

-таңу және қосалқы материал

- арнайы жиһаз
- медициналық аспаптар алғашқы медициналық көмек көрсету үшін

Медицина қызметкерінің кабинетінде :

- тиісті медициналық құжаттар
- балалардың денсаулық паспорты
- қызметкерлердің жеке медициналық кітапшалары
- жылжымалы кварт
- эл.термометрлер
- 1 реттік шпатель
- Антрометрияны бақылау үшін таразы мен бой өлшегіш
- Дәрілерді сақтауға арналған тоңазытқыш
- Әр топта кварц бар.
- Барлық топтарда алғашқы жәрдемге арналған дәрі-қобдишалары бар.
- **Балабақшадағы медицина қызметінің міндеттері:**
- балалардың денсаулығы жөнінде және дене дамуы туралы нақты

ақпарат алу

- балалардың дене дамуына және денсаулық мәселесі бойынша профилактикалық және сауықтыру жұмыстарына талдау жүргізу
- мектепке дейінгі мекемедегі қызметкерлер арасында, ата-аналар арасында балалардың дене дамуы және шынықтыру бойынша кеңес-ағартулық жұмыс жүргізу

Медбике іс-шараларды ұйымдастырады:

- тәрбиешімен бірге отырып балаларды шынықтыру шараларын, сауықтыру шараларын ұйымдастыру жоспарларын қамтамасыз етеді
- топтардағы ойыншықтардың жуылуын қадағалайды.

Диетбике құрастырады:

- ас-мәзірі, балалардың балансталған тамағын балабақшада қамтамасыз етеді

- қызметкерлердің санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің орындауларын бақылайды

- **Медбике жүргізеді:**

- Балаларға антропометрикалық өлшеу жасайды

- Жарақаттану жағдайында балаларға алғашқы медициналық көмек көрсетеді, емдеу бөліміне жеткізеді
- балаларға егу жүргізілгеннен кейін көңіл-күйлерін бақылайды
- сырқаттануына байланысты келмеген балалардың есебін жүргізеді
- ауырып қалған балаларды оқшаулайды
- ай сайын әкімшілікпен бірге балалардың сырқаттану себептеріне талдау жасайды, оларды жою жөнінде ұсыныстар енгізеді
- топтар бойынша жұқпалы аурулармен сырқаттану айнасын жүргізеді

Медбике жүргізеді:

- ата-аналар, мектепке дейінгі мекеме жұмыскерлер арасында ағарту-санитарлық жұмыстарын, балаларды шынықтыру, сауықтыру шараларын ұйымдастыру туралы, жарақаттану және жұқпалы аурулардың т.б. алдын алу бойынша; балабақшаға балалардың бейімделуіне кеңес береді; санэпид.режимнің сақталуын қадағалайды.

Медбике тексереді:

- балалардың жас ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып дене шынықтыру жүктемелерінің тәртібінің сақталуын қадағалайды
- балалардың тамақтандыру сапасын ұйымдастырылуын
- ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде санитарлы-гигиеналық жағдайдың сақталуын
- балалардың және балабақша қызметкерлерінің жеке гигиеналық ережелерін сақтауларын
- жинастырушылармен күтушілер және аспазшыларға ай сайын санитарлы-эпидемиологиялық тәртібінің сақталуын
- балабақша қызметкерлері өз жұмыстары бойынша жүргізетін құжаттарын
- балалардың киімдері жыл мезгіліне сәйкес болуын
- **Медбике қатысады:**
- Балалардың дамуы мен денсаулығына байланысты мәселеге арналған педагогикалық кеңестерге.

Педагогикалық ұжым және медбике балалардың денсаулығына үлкен жауапкершілік танытқан. Денсаулық сақтау технологиясын оқу-тәрбие ісіне кеңінен қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайтуға көңіл бөлінген. Барлық жас топтарында балалардың денсаулықтарына мониторинг жүргізілген. Педагогтар ата-аналармен балаларға жылдық жоспар кестесі бойынша дене шынықтыру және спорттық: «Шынықсаң-шымыр боласың»,

«Әке, ана және мен-спорттық жанұя», «Толағай», «Ұлттық ойындар» «Қыс қызығы» «Шашки» т.б. іс-шаралар ұйымдастырып, қызықты өткізген.

Шынықтыру және сауықтырудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданылған :су, ауа және күн ванналары, жалаң аяқ жүру; балалардың таза ауада ұзақ жүруі (таңертеңгі қабылдау, гимнастика, ҰІӨ дене шынықтыру, серуендеу ойын-сауық), маусымның 1-нен тамыздың 31-не дейін жазғы сауықтыру кезеңгі жүргізілген (жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары қоса берілді). Балалардың сырқаттануларын талдау кезінде басқа ауруларға қарағанда 50 % вирустық аурулар маусымдарында балалар тұмау, вирустық инфекция (ОРЗ, ЖРВИ) ауруларымен ауырған.

Қорытынды: балабақшаның жалпы санитарлық жағдайы 9 шілде 2021ж.

№ 59 бұйрық, санитарлық қағидалары «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» ҚР СанЕжН толық сәйкес жүзеге асырылған. Ауыз су режимі, ғимаратта әуе-жылу режимі, жарықтандыру режимдері нормаға сәйкес ұйымдастырылған. Өндірістік бақылау жылда екі рет жүргізілген. Балабақшада балалардың денсаулығымен дене дамуы, физикалық дайындығы, бала ағзасының функционалдық мүмкіндіктерінің динамикасы қадағаланған. Балабақшада шынығу жүйесін жүзеге асыруға және профилактикалық жұмыс жүргізуге қолайлы жағдай жасалған, материалдық база күн тәртібіндегі іс-шараларды қамтыған.

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

(5-қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер)

Оқу-әдістемелік кешендер тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес әр топта шағын кітапханаларда жинақталған және әдістемелік кабинетте барлық балабақша топтарына арналған оқу-әдістемелік құралдар шоғырланған: әдістеме жиынтығы, дидактикалық материал, демонстрациялық материал, ересектер тобына арналған қима материалдар, балабақша тәрбиешілеріне арналған көрнекі құралдар.

«Мектепке дейінгі ұйымның басшысының анықтамалығы», «Білім беру ұйымының әдіскері», «Отбасы және балабақша», «Бала мен балабақша», «Балбұлақ», «Мектепке дейінгі музыка жетекшісінің анықтамалығы» электронды журналдарын балабақша педагогтары кеңінен қолданады: ертеңгіліктерде, ата-аналар жиналыстарында, өз білімдерін жетілдіру үшін және оқу іс-әрекеттеріне жаңалықтар енгізу мақсатында.

Компьютер 5 дана. Интернет жылдамдығы 8 Мбит\с. Интернет локалды байланыс жүйесіне қосылған, электронды пошта жұмыс істейді, 2 компьютер интернет желісіне қосылған. Принтер 2 дана; Факс-1 дана; телефон -2 дана. Әлеуметтік серіктестік

Орнату мақсатында балабақша сайты ашылған, сайтта «Күншуақ» бөбекжай бақшасының оқу-тәрбие жұмысы туралы толық мәлімет берілген, күнделікті жаңартылып тұрады.

2022-2023 оқу жылында «Балаларды Ерте дамыту институты» білім беру платформасы балабақша педагогтарына әдістемелік құрал ретінде пайдаланады, тәрбиешілер осы платформаның базасын: әдістемелік және таным, зерттеушілік жұмыстарын кеңінен педагогтар өз жұмыстарында қолданылған.

Қорытынды:

тәрбиеленушілердің

танымдық, зерттеушілік, шығармашылық және қимыл белсенділіктерін арттыруға қолайлы орта жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес. Балабақшаның әдістемелік кабинет қажетті оқыту әдістемелік бағдарламалар мен әдістемелік жиынтықтар мен көрнекіліктермен жабдықталған. Кітапхана қоры кезендік басылымда республикалық әдістемелік журналдар арқылы толтырылады. Кітапхана қорын жаңарту және толықтыруға 2023-2024 о.ж. жоспарланған.

VII. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

(«Күншуақ» бөбекжай бақшасының бағалау кезеңінің барлық топтар бойынша бақылау парақтары және мониторингтің жиынтық есептерінің нәтижелері қоса беріледі).

Мониторинг өткізудің басты міндеттері: мектепке дейінгі типтік үлгілік бағдарлама мазмұны мен талаптарын іске асыру кезінде тәрбиеленушілердің танымдық, зерттеушілік, шығармашылық және қимыл белсенділіктерін меңгергендерін қадағалау;

- Жас ерекшеліктеріне сай, балалардың біліктері мен дағдыларының игерулері

- білім-білік дағдылармен құзіреттіліктер меңгерілгені;

- жас кезеңдері сақталған және топтағы бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принципі бойынша жасақталғаны;

- мектепке дейінгі ұйымның көрсетілетін қызыметінің сапасы

- педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыруы

(кесте.12 Балабақша бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының мониторингі)

Кесте 12

Балабақша бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының мониторингі

Білім беру саласы															
	«Денсаулық»			«Қатынас»			«Таным»			«Шығармашылық»			«Әлеумет»		
деңгей	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
қорытынды 2021-2022	0 %	20 %	80 %	0	48 %	52 %	0	43 %	57 %	0	33 %	67 %	0	28 %	47 %
бастапқы 2022-2023	16 %	54 %	33 %	34 %	50 %	19 %	29 %	49 %	25 %	33 %	40 %	31 %	2 %	23 %	21 %
бастапқы 2023-2024	2	7	1	0	3	9	1	2	7	6	4	6	0	2	4

2021-2022 оқу жылының қыркүйек айында және 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айларында бастапқы мониторингта I деңгей-төмен деп бағаланған,

оны алғаш келген балалардың балабақшаға бейімделуі, тілдері жаңа шығып, сөйлей бастаулары, әлде мүлдем сөйлемей келгендері, ойынға, оқу іс-әрекеттеріне қызығушылық танытпаулары байланысты болған. Ерте жас тобының тәрбиеленушілерін бастапқы мониторинг жүргізу кезінде бағаланбайды. Бейімделуді қамтамасыз ету үшін жаңадан келген балаларды қабылдау жаз кезінде

біртіндеп жүргізілген. Барлық режимдік сәтте балаларға жеке тұрғыдан келу жүзеге асырылды. Бөбекжай-бақшада тәрбиешілері, қызметкерлері ата-аналармен кеңес берулер өткізген. Барлық баланың әлеуметтік бейімделуі жеңіл өткен. Оқу жылы соңында балалардың денсаулықтары нығайған, балабақшаға қатысулары көтерілген, балалар балабақшаға бейімделген. Мектепке дейінгі топ тәрбиешілері күні бойы тобындағы күн тәртібіне сәйкес түрлі педагогикалық қызметті-таңертеңгі

қабылдау, ертеңгілік жаттығу, балалармен қарым-қатынас жасау, серуендеу, тамақтану, күндізгі ұйқы, гигиеналық және шынықтыру шаралары, еңбек, сюжеттік-рөлдік ойындар, шығармашылық, дидактикалық және қимылды ойындар, ата-аналармен, жеке балалармен жұмыс, сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекеттерді, вариативтік компоненттерді іске асырған. Нәтижесінде, балалар жас ерекшеліктеріне сай өзіне өзі қызмет көрсетуге дағдыланған, еңбек тапсырмаларын, кезекшілік орындау машықтары қалыптасқан, оқу іс-әрекеттерінде белсенділік танытқан, көркем әдебиетке, ертегілерге қызығушылық байқалған, ертегілерді тыңдап, келесі күні сол ертегілерді айтуға машықтанған, әдеби сюжеттерді қабылдаған кейіпкерлерге алаңдаған, айналадағы қоршаған ортаға деген байқампаздықтары артқан. Балалардың ойындары жағымды-эмоционалды өткен, ойын қызметі арқылы әлеуметтік дағдыларды тәрбиелеу жүзеге асырылған, сюжеттік-рөлдік ойындарды балалар сүйіп ойнаған. Балалардың басым бөлігі диалогтық сөйлеуді, ересектермен және құрдастарымен араласу дағдыларын меңгерген. Еңбекке деген жағымды көзқарас қалыптасқан, шаруашылық-тұрмыстық ұжымдық еңбекте, балаларға кездескен шағын қиындықтарды еңсеруге көңіл бөлінген. Балабақшада, отбасында, көшеде балалардың әлеуметтік дағдыларымен машықтары дұрыс бағытта қалыптасқан.

Қорытынды: МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беру саласы және ұйымдастырылған оқу қызметтері бойынша жас ерекшеліктеріне сай игеруге міндетті білім білік дағдылар мен құзіреттіліктер меңгерілген. Жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелері анықталды. Жас кезеңдері сақталған және топтағы бірдей жастағы принципі бойынша жасақтаған. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында «Күншуақ» бөбекжай бақшасында мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен стандарт талаптары, 2019-2023 жылдарға арналған даму перспективасы өз кезеңімен орындалған.

Бағалау кезеңінің барлық топтары бойынша бақылау парақтары және мониторингтің жиынтық есептерінің нәтижелері құжаттарда қоса берілді.

Мониторинг анализі, білім беру қызметін жүзеге асыруда, келесі білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметтерін, тәрбиеленушілер игерген реттілігін көрсетті: дене шынықтыру және қозғалыс қызметі жоғары деңгейде. Қимыл белсенділіктерін арттыруға қолайлы орта жасалған, топтың күн тәртібінде шынықтыру шаралары, мектепке дейінгі баланың жеке дамуы, тәрбиеленушілердің саулығын нығайтудағы денсаулық сақтау технологиясы жүйелі түрде қолданылған.

Ұсыныс: дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының кешенді жүйесін іске асыру арқылы балалардың денсаулығын қорғау және нығайту бойынша жоспарлау, қозғалыс қызметін сақтау, шынығу шараларын жалғастыру. Тіл дамытуды, байланыстыра сөйлеуді және шығармашылық ойлаудың оң нәтижесін көруге болады, баланың шығармашылық ойын еркін білдіруге мүмкіндік беру арқылы шығармашылық құзіреттіліктің барлық дәрежесін меңгерту. Музыканың мінезін, оның эмоционалды-бейнелі мазмұнын, қимыл арқылы жеткізе білу, шулы аспаптарда ойнай алуларын дамыту. Мониторинг талдауы көрсетті: балалар өздері туралы, отбасы туралы, туыстық қарым-қатынас және өзара қатынастың элементарлы байланысын белгілейді. Балалар ереже және мысал ретінде, үлкендерді тыңдау арқылы

нұсқауларды орындайды,Туған ел туралы біледі және осы елдің азаматы екенін сезінеді ,бейбіт өмір туралы түсініктері бар. ҚР Мемлекеттік рәміздерін балалар біледі,таниды-Елтаңба,Ту,гимн.Патриоттық сезімдерін оятуға ана тілін және қазақ халқының мәдениетін құрметтеуге, мемлекеттік тілді дамытуға тәрбиелеу.Салт-дәстүр арқылы балалардың бойына мәдени,рухани және адамгершілік құндылықтарды дарыту.Тәрбиеленушілердің жеке басын қалыптастыру негізінде ата-аналардың психологиялық, педагогикалық құзіреттілігін,жауапкершілігін арттыру.

Қорытынды: Ересек топ тәрбиеленушілерінің мониторинг нәтижесі

Мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарлама талаптарын жақсы деңгейде меңгерді. Тәрбиеленушілердің білім алу үдерісінде жақсы деп санауға болады. Атқарған жұмыстың оң нәтижесі: қорытынды мониторинг кезеңінде бағдарламаны төмен игерген балалар жоқ,балалардың білімдері жақсы деңгейде,күнделікті өмірде алған білімдерін пайдалана алады.

VIII . Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

«Күншуақ» бөбекжай бақшасының тәрбиеленушілерінің ата-аналарының немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі (кесте13.Ата-аналармен жүргізілген сауалнама).

Кесте 13

Ата-аналар мен жүргізілген сауалнама

	сұрақтар	толықкелі семін	келісемін	келіспеймін	толық келіспей мін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады		50/100%		
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	1/2%	49/98%		
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	6/12%	44/88%		
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының(музыкалық жетекші,қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог,арнайы педагог)қызметіне қанағаттанасыз	7/14%	43/86%		
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	5/10%	45/90%		
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	6/12%	44/88%		

7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	5/10%	45/90%		
8	Балалардың тамақтану ыталап қасай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	3/6%	47/94%		
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	3/6%	47/94%		
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі	2/4%	48/96%		
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	4/8%	46/92%		
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе			50/100%	
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	Арыз жоқ 100%			

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптарды тексеру мақсатында бөбекжайдың «Айгөлек» ересек тобы 25 ата-анаға (25 бала). «Балдырған» ересек тобында 25 ата-анаға (25 бала) сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша: 100% респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейлеріне қанағаттанған. Педагогтармен жүргізілген сауалнама

(кесте14).

Кесте14

Педагогтар мен жүргізілген сауалнама

№	сұрақтар	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	5/31%	11/69%		
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	1/6%	15/94%		
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	2/12%	14/88%		
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	1/6%	15/94%		
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	1/6%	15/94%		
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	7/44%	9/56%		
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	3/19%	13/81%		
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	3/19%	13/81%		
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	1/6%	15/94%		
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	2/12%	14/88%		
11	Ұжымда қолайлы моральдық-	2/12%	14/88%		

	психологиялық ахуал бар				
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	3/19%	13/81%		
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	4/25%	12/25%		
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	2/12%	14/88%		
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	1/6%	15/94%		
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	2/12%	14/88%		
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	3/19%	13/81%		
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды			13/81%	3/19%
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсенемесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	Арыз жоқ 100% Ұжым бір біріне қолдау көрсетеді, жауапты, бірлігі жарасқан ұжым.			

IX. Кемшіліктер мен ескертулер:

1. Балабақша ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу.
2. «Педагог-зерттеуші», «Педагог-эксперт», «Педагог-модератор» біліктілігі бар педагогтар санын көбейту.
3. Білім беру бағдарламаларының талаптарын жүзеге асыруда тәрбиеленушілерді білімге ұмтылдыру- интеллектуалды олимпиадаларға және облыстық, республикалық конкурстарға қатысу пайызын ұлғайту.
4. Бөбекжайдың материалдық -техникалық базасын нығайту, заттық-кеңістік дамытушы орталықтарды ұдайы толықтырып отыру. Bilimcids онлайн білім

порталымен жұмыс жасауды жоспарлау.

Шешу жолдары:

1. Күрделі жөндеу жүргізу үшін білім бөліміне ұсынылған жоспарды іске асыру.
2. Логопед маманындығын штат кестесіне енгізу туралы сұраныс хат жолдау.
3. 2024 жылы екі тәрбиеші жоғары «мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша диплом алады, 1-тәрбиеші декреттік демалыста, 1- педагог декреттік демалыста.
4. Аттестаттау кестесі бойынша 2023-2024 оқу жылында «педагог-зерттеуші» біліктілігіне 2 педагог өтініш береді. Педагог-модератор санатына- 2 педагог өтініш береді. Педагог-сарапшы 3-педагог өтініш береді.
5. Педагогтардың кәсіптік деңгейін көтеру бойынша әдістемелік жұмыс барысын жақсарту.
6. Балалардың ойын алаңдарының жабдықтарын жаңартуды жоспарға енгізу.
7. Ойын құрал жабдықтарын және әдістемелік әдебиеттерді толықтыру.

8. Балабақшаның материалдық техникалық базасын жаңарту мақсатында аудандық білім бөліміне ұсыныс жасау.

Х. Қорытынды

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы өз жұмысында ҚР 27.07.2007ж. № 319 –Ш «Білім туралы» заңн және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. № 348 бұйрығы) және басқа да деректі құжаттарды басшылыққа ала отырып, қызмет жайды. «Күншуақ» бөбекжай бақшасы МҚКК-да тәрбие мен оқыту үрдісін ұйымдастыру үшін жас ерекшеліктеріне сай 6 топ жасақталған. Жобалық қуатының сыйымдылығы -150, контингент -130.

Өзін-өзі аттестаттау комиссиясына талдау үшін тәрбиелеу мен оқыту әрекеттерін ұйымдастыру бойынша 2021-2022 ,2022-2023 о.ж. деректі құжаттары ұсынылып қаралды. Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптары мен ҚР БжҒМ 2012ж. 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі.

Оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар: күн тәртібі, бекітілген өтпеді тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспарлар. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұның орындауды қамтамасыз ететін «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтарының құжаттары. Тәрбиеленушілердің даму карталары, даму мониторингі және нәтижелері: «Денсаулық» «Қатынас» «Таным» «Шығармашылық» «Әлеумет» білім салалары бойынша пәндік дамытушы орта, балалардың зияткерлік, спорттық, шығармашылық, көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері. Оқыту тілі бойынша апталық оқу жүктемелері. «Күншуақ»

бөбекжай бақшасында мектепке дейінгі жастағы баланы әлеуметтенуіне жан жақты даму қабілеттілігінің қалыптасуына, денсаулығын нығайтуға әсер ететін орта жасалған. Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтар мектепке қажетті дағдыларын жетілдірген. Қауіпті қауіпсіз әрекеттерді бағалай білуін, баланың жалпы когнитивтік дамуын, психикалық және физикалық денсаулығын сақтау жолдарын қарастырған.

Балалабақша пед. кадрмен толық қамтылған, штаттық кесте бойынша. Пед. кадрлар біліктілікті мерзімге сәйкес көтерген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес тәрбиеленушілердің толық үйлесімді дамуына, қабілеттерін дамытатын білім беру кеңістігін ұйымдастыру бойынша жағдай жасалған. Оқу материалдық базасымен жабдықталған, оқу тәрбие үрдісін үргізу үшін ноомативтік құжаттарға сәйкес оқу тәрбие жұмысына жағдай жасалған. Білім беру процесіндегі жаңа технологияларды пайдалану барлық сала бойынша жүзеге асқан.

Ұсыныс: «Күншуақ» бөбекжай бақшасы МҚКК өзін өзі бағалау комиссияның шешімімен «Жақсы» деп бағаланды.



меңгеруші Ref. Муканова Р.К.